

Тәуелсіз Қазақстанға білікті де патриот маман қажет

*Тәуелсіз Қазақ елі қандай ел? Қазыбек бише толғатсақ, «Төрімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Туырлыққа ту іліп, Қыннан қылыш суырып, Көк найзаның ұшына күдері үкі таққан елміз» демей ме. Ұлт биінің көмейінде елдің бодандықтан адалығы, елдің тәуелсіз болуы жатыр емес пе. Биылғы жыл басының жаңалығы болған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласына текті ұлт өкілдері, күллі жұртшылық қызу қолдау білдіруде. Біздіңше, мақала-құжаттың күретамыры – жерін сүйер, елін сүйер ұлт патриоттарын баулу мәселесі (Қыдыршаев А.С., Алдоңғарова Ә.Т. *Адам дүниеге патриот болып келмейді // «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газеті, №4 (523), 29 қаңтар 2021 ж., -1-4-5-б.б.*). Мемлекет басшысының жылбасы мақаласының тұжырымында: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге – 30 жыл. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Бұл -көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір... Азаттықтың алғашқы онжылдығы – Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі. Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет... Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең газжайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету. Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады... Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен гана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Ұлтымыздың ұлы ұстыны – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша*

жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!» - деген түйіндер баса айтылуы қуантады. Ел Президентінің осы тұжырымы аясында ортақ шаңырағымызды дамыту және жас көшбасшыларды баулу идеясын жүзеге асыруда біздің университет ұжымы да өз үлесін қосуда. Бізде сегіз қырлы, бір сырлы, тұла бойы өнерге толы жас қырандарымыз аз ба? Қазтуған жырауша ой өрсек, *«Ойласа, ойдың көсемі, сөйлесе, қызыл тілдің шешені, ұстаса қашағанның ұзын құрығы, қиып алған жас орманның сырығы»* іспетті жас тұлпарларымыздың, сұңғыла сұңқарларымыздың көптігі қуантады. Асан қайғы бабамыз айтпай ма: *«Арғымағыңды жамандап, тұлпар қайдан табарсың, Тұйғыныңды жамандап, сұңқар қайдан табарсың»* деп. Мәселен, осы жылдың қаңтар-ақпан айларында Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының қолдауымен **«Мәңгілік Ел – Тәуелсіз Қазақстанға – білікті маман»** (*«Жоғары оқу орны студенттерінің іскерлік қарым-қатынастағы сөйлеу білік-дағдылары»*) тақырыбында (*Шеберлік сағатының авторы: педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев*) шеберлік сағаты өткізілді. Болашақ филолог-тіл мамандарының іскерлік қарым-қатынастағы сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып, төңірекке терең ой салған шеберлік сағатының кіріспесінде автор-модератор студент жастарға өнегеге толы ағалық сөзін бағыштады. *«Мәңгілік ел», «қасиетті Тәуелсіздік», «ұлттық құндылықтар», «ел патриоты»* ұғымдарының тұңғыық астарына бойлауға шақырды. Жүйелі сөздің қашан да киелі боларына тоқталды. Сәтімен шеберлік сағаты авторының ғылыми жетекшілігімен алдын-ала әзірленген көшбасшы шешен студенттердің сәйкесті тақырыптық сөз алуы онлайн - аудиторияны серпілтіп тастағандай. Әрбір шешен студенттің тақырыптық слайдтар топтамаларын рет-ретімен әзірлеп ұсынуы аса ұнамды болды. Бағдарламаға сәйкес студенттер шеберлік сағат авторының **«Сөйлеу логикасы»** (*«Нақты мақсат айқын болса, кез-келген іс тиімді»*); **«Қарым-қатынас әдебі»** (*«Іскерлік қарым-қатынас адамды сыйлай білуден басталады»*); **«Тыңдау білігі»** (*«Дипломатия дегеніміз - күш-жігеріңді жүгендей білу өнері»*); **«Сөз сөйлеуге даярлық»** (*«Небір өнер не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін емес»*); **«Аудиторияны тани білу»** (*«Сізді тыңдамау, түсінбеу, сізбен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеу керек»*); **«Сөйлеу мәдениеті»** (*«Өз гұмырыңды құм сағатқа сәйкестендіре қарағайсыз»*); **«Экспромт сөз сөйлеу»** (*«Сөз әуенінің байсалдылығы – озық тәрбиенің дәлелі»*); **«Сөз сөйлеу сәті»** (*«Әрі қысқа, әрі саз, тыңдаған жұрттың бәрі мәз»*); **«БАҚ-пен байланыс»** (*«Ұстамды әрі орынды сөйлеу*

ділмарлықтан көп артық»); «Телефонмен сөйлесе білу» («Ең мықты адам – өз-өзіне сенетін адам»); «Тағам үсті іскерлік қалып» («Шыдаған ғана іс тындырар, ал асыққан аяқ сындырар»); «Сөйлеу этикасы» («От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз»); «Сөйлеу техникасы» («Дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой») тақырыптарындағы идеяларын тұжырымды формада жеткізе білсе, бір топ III -IV курс студенттері «Шешендік – жастар көркі», «Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас», «Нақыл сөзге жүгіну – алтын уақытыңды үнемдеу», «Естілердің сөзін ескеріп жүрсек...», «Жағымды дауыс – сәттілік көзі» тақырыптарында өзіндік пайымдарын шебер де тиімді ұсына білді. Нәтижеде, көпшілікті сан алуан жағымды ойға бөлеген онлайн-шеберлік сағатына қатысушылар құрбылас студент жастардың түйінді іс-әрекеттеріне, ұйымдастырылған шараға ерекше ризашылықтарын білдірді. Қысқасы, шеберлік сағатында аса өзекті мәселе қозғалды. Айтылған білік-дағдылар кешені барша студенттерімізге ауадай қажетті. Кемелді келешек жастардың қолында. Ол үлкен жауапкершілік жүктейді. Әйгілі Шыңғыс ханның өзі: «Шеге тағаны сақтайды, таға тұлпарды сақтайды, тұлпар ерді сақтайды, ер елді сақтайды» демей ме. Халық нақылына жүгіне айтар болсақ, «Ерден ердің несі артық? Бір сөйлеген сөзі артық. Ерден ердің несі артық? Ерлігі мен ісі артық» емес пе. Демек, елдік әр құндылықты көзден таса қылмай, назардан тыс қалдырмауымыз қажет. Аса сергектік, мұқияттылық талап етілер қазіргі кезеңде қырағылық таныта білсек қана, Ел Президенті мақсат еткен мәңгілік елдің кірпіші болып қаланып, Тәуелсіз елдің нағыз патриоты боларымыз анық.

Жириенше шешен айтпай ма: «Төрт нәрседе үміт бар: жас өсемін деп үмітті, жалғыз көбейемін деп үмітті, жарлы бай боламын деп үмітті, ауру жазыламын деп үмітті. Көктем мен жазы кетіп, жапырағы құраған ағаштай ұрты солып, жағы суалған кәрілікте ғана үміт жоқ» деп. Ойлантай қоймас данышпандық тұжырым емес пе. Ал бүгінгі студент – ертеңгі кәсіби маман ғой. Өскелең ұрпаққа білім мен білігіміз арқылы өнеге беретіндігіміз анық. «Ақыл – жастан, тәрбиесі болса...» (Қыдыршаев А.С., Дүйсенбаев Т.Е. Ақыл жастан, тәрбиесі болса... (Еліміздегі білім беру, тәрбие саласы патриоттар мектебі болса игі) // «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газеті, №6 (525), 12 ақпан 2021 ж., -1-4-8-б.б.) демекші, киелі сөздермен кестеленген жүйелі ойлар айтылатын кешенді баулу істері ғылыми тұрғыда өрісін тауып жатса, ертеңгі мәңгілік елдің майталман патриот мамандарының да тұғыры тиянақты боларына сенеміз. Десек те, Махамбет бабамыз айтқандай, осы ретте «Толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығарға, қас үлектен туған қатепті, қара нар керек біздің бұл іске» емес пе.

Ретті тұсында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Қазақстан халқына кезекті Жолдауында егеменді ел дамуының барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтары ретінде ел Тәуелсіздігі мен Астанасы; ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам мен руханият; индустрияландыру мен инновацияға негізделген экономикалық өсім; еңбек; тарих, мәдениет, тіл; ұлттық қауіпсіздік, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуды баса атаған-ды. Осы құндылықтар арқасында жеңіске қол жеткізіп, елімізді нығайтып, ұлы жетістіктерімізді еселегенімізді, жаңа ұлттық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы жалпыұлттық құндылықтардан бастау аларын көрегенділікпен межелей білуі кеудеге қуаныш толтырған-ды. Елбасының осы «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын іс жүзінде жүзеге асыру бағытында да университетімізде кешенді шаралар ғылыми негізде ұйымдастырылуда. Егер де *«Қарындастың қамы үшін...»* өрілген *Махамбет поэзиясы – Тәуелсіздік пен Теңдіктің симфониясы»* (Н.Ә.Назарбаев) десек, білім ордасының студенттеріне ордалы ой қосқан сондай шараның бірі – **«Махамбет баба мектебі – ұлттық патриоттық тәлім»** (*Ақын шығармашылығына негізделген тіл сабақтарындағы кешенді тіл ұстарту тренингілерінің фрагменттері*) шеберлік сағаты бола алды. Шеберлік сағатының авторы, п.ғ.д., профессор, академик **А.С.Қыдыршаев** өз алғы сөзінде махамбеттанудың қыр-сырына бойлай келе, студенттер тарапынан қолға алынған ізденістердің құндылығын баса айтып, елін сүйген тұлға ғана ерлік істейтініне тоқталды. Шеберлік сағатының алғашқы бөлімінде студенттер Махамбет ақын өлеңдерін қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай тілдерінде нақышына келтіре, образға ене оқып, онлайн-аудиторияға ерекше эстетика сыйлап, тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырды. Одан әрі шеберлік сағатының модераторы профессор А.С.Қыдыршаевтың нұсқауымен тренинг тренерлері III-IV курс студенттері, келешек тіл мамандары дүлдүл ақын Махамбет шығармашылығына негізделген кешенді тіл ұстарту тренингілерінің фрагменттеріне (*тұлға моделін құрастыру, сөзжұмбақ, ребус, эссе, ақын сөздігі, тіл сабағындағы сурет, танымдық тапсырма, анограмма, ұйқас өлеңдер құрастыру, ойтолғақ, рецензия, әзіл өлең, реферат, синонимдер сөздігі, фантастикалық новелла, патриоттық тіркестер (ұрпаққа арнау), мақал-мәтелдер шоғыры, проблемалық жағдаят, аударма нұсқалары, фразеологизмдер топтамасы, афоризмдер қолданысы, өлеңдер циклі, кроссворд, криптограмма құрастыру, тіл дамыту тренингілері, т.б.*) кезек берді. Мақсат – әр студентке сапалы ой тудырып, алған теориялық білімін практикамен байланыстыру, болашақ мамандарды мамандықтарына сәйкес кәсіби іскерлікке баулу. Осы бағыттағы білік-

дағдыларды игеруге талпынған студенттер шеберлік сағатында ерекше белсенділік танытты. Бір ғажабы, студенттердің алдын-ала берілген тапсырмаға сәйкесті әзірлеген тренинг фрагменттері жеке жинақ ретінде баспадан жарық көрмек. Шеберлік сағатының соңында жауапкершіліктің биік үлгісін танытып, тер төге еңбектене білген бір топ көшбасшы, іске шығармашылық тұрғыда келе білген патриот студенттерге арнайы әзірленген «Рухани жаңғыру» институтының сертификаттары табыс етілді.

Махамбеттің *«Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса, атаның жолын қумаса»* деген жебелі жыр жолдары бар. *«Найза»* сөзінің мынау бейбіт заманда тура мағынада қолданылуын басқа бермесін. Ал біздің қазіргі *найзадай қаруымыз – ажарлы ақыл, қайрақты намыс, мызғымас жігер, бәсекеге қабілетті білім.* Көпшілік назарына ұсынылған шеберлік сағатының да тілге тиек еткені осы жайт. Әрбір патриот студентіміз жұртшылықтың алдында жасқанбай, ақиқатты астарлай сөйлей білсе, алар асуларымыздың аласармасы даусыз. Демек, Ұлы Дала дүлдүлі Әбіш Кекілбайша айтсақ, жалпақ әлемді аузына қарату үшін, рухани ерлік керектігі, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлықтың керектігі даусыз-ау! Біздіңше, университет студенттерінің көкейіне асыл сөз үзіктерін себе білетін тағылымға толы іс-шаралар ауқымы кеңейе түссе нұр үстіне нұр болмақ. Сөзіміздің соңында бүгінгі студент, ертеңгі Тәуелсіз еліміздің білікті де патриот мамандарын баулу жолында аянбай тер төгіп жүрген университетіміздің белді тұлғасы, профессор Абат Сатыбайұлына ар биігіндегі алтын Азамат ретінде аманшылықта жүргейсіз демекпіз.



Әскен Мұханбетқалиев,
*Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің
филология факультетінің деканы, п.ғ.к., доцент*



Жанар Қабдірахимова,
*Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері*